

"Өнім" ашық акционерлік қоғамы тартқан, мемлекеттік кепілдік берген қарыз шеңберінде сатып алынған "Джон Дир" мақта жинау комбайндары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 93-ө Өкімі

"Өнім" ашық акционерлік қоғамы тартқан, мемлекет кепілдік берген қарыз шеңберінде "Джон Дир" мақта жинау комбайндарын сатып алуға республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтарып алу мақсатында:

1. "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазақстан Эксимбанкі" ЖАҚ) кейіннен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беру үшін Алматы қалалық сотының 2001 жылғы 15 қаңтардағы шешімінің негізінде "Қазақстан Эксимбанкі" ЖАҚ-тың пайдасына өндіріп алынған саны 100 (жүз) бірлік "Джон Дир" мақта жинау комбайндарын "Өнім" ашық акционерлік қоғамының берешегін өтеу есебіне қабылдау ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті "Қазақстан Эксимбанкі" ЖАҚ осы өкімнің 1-тармағында көрсетілген іс-шараларды жүргізгеннен кейін заңнамада белгіленген тәртіппен "Джон Дир" мақта жинау комбайндарын мемлекеттік меншікке қабылдауды, сақтауды және с а т у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

Премьер-Министр